

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

М.Тынышбаев атындағы «Көлік инженериясы және логистика» мектебі

«Көлік инженерия» бағыты

Рахметаллы Жәңгірхан Мадиярұлы

«Hyundai Trans Kazakhstan зауытында жинақталған еденді түсіру және беру процесін
модернизациялау»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B07108 – Көлік инженерия

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

М.Тынышбаев атындағы «Көлік инженериясы және логистика» мектебі

«Көлік инженерия» бағыты

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Көлік инженерия» білім беру бағытының басшысы,

PhD докторы

Камзанов Н.С.

« 06 » 2025ж.

ДОПУЩЕН
К ЗАЩИТЕ

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Hyundai Trans Kazakhstan зауытында жинақталған еденді түсіру және беру процесін модернизациялау»

6B07108 – Көлік инженерия

Орындаған



Рахметаллы Жәңгірхан Мадиярұлы

Пікір беруші

Қауымдастырылған профессор,

техника ғылымының кандидаты,

доцент



Есенғалиев М.Н..

« 06 » 2025ж.

Ғылыми жетекші

Көлік инженерия білім

беру бағытының басшысы

PhD докторы

Камзанов Н.С.

« 09 » 06 2025ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы


М.Тынышбаев атындағы «Көлік инженериясы және логистика» мектебі

«Көлік инженерия» бағыты

6B07108 – Көлік инженерия

БЕКІТЕМІН

«Көлік инженерия» білім беру бағытының басшысы, PhD докторы

 Камзанов Н.С.
« 01 » 01 2024 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Рахметаллы Жәңгірхан Мадиярулы

Тақырыбы: «Hyundai Trans Kazakhstan зауытында жинақталған еденді түсіру және беру процесін модернизациялау»

Академиялық мәселелер жөніндегі Проректордың 2025 жылғы «01» қаңтар №26-П-Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «11» маусым 2025 жыл

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Hyundai Trans Kazakhstan зауытының дәнекерлеу цехындағы жинақталған еден модулін тасымалдау процесін оңтайландыру мен қайта ұйымдастыруға арналған. Жоба аясында бірінші және екінші дәнекерлеу желілері арасындағы логистикалық және технологиялық процестер талданып, жаңа техникалық шешімдер енгізілді.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Дәнекерлеу цехының құрылымының сипаттамасы;

б) жаңа технологиялық шешім электр көтергіш;

в) металлоконструкция және оны орнату схемасы;

г) модернизация мақсаты және міндеттері;

Графикалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсете отырып):

Дәнекерлеу цехының сызбасы – 1А3; Модернизация алдындағы дәнекерлеу цехының сызбасы – 1А3; Модернизацияланған дәнекерлеу цехының сызбасы – А3; Модернизацияланған желінің сызбасы мен металл құрылымын еептеу – 1А3; Электр көтергішке арналған металлоконструкциясының сызбасы – 1А3; – 1А3; Арнайы артқы еденді бекіту құрылғысының сызбасы – 1А3


Жұмыс презентациясы 15 слайдтарда көрсетілген


Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 20 атауларда

**Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлім атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші ұсыну мерзімдері	Ескерту
Дәнекерлеу цехының құрылымы	01.02.2025 - 28.02.2025	орындалды
Модернизацияланған дәнекерлеу цехына талдау, жаңадан орнатылған электр көтергішті талдау, арнайы бекіткішті жасау	01.03.2025 – 25.03.2025	орындалды
Желіде дәнекерлеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы	26.03.2025 - 27.05.2025	орындалды

Аяқталған дипломдық жұмыс үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын көрсетумен,
кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған
қолдары

Бөлімдер атауы	Кенесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімдері	Камзанов Н.С. «Көлік инженерия» білім беру бағытының басшысы, PhD докторы	02.06.2025ж.	
Норма бақылау	Сарсанбеков К.К., аға оқытушы	04.06.2025ж.	

Ғылыми жетекші  Камзанов Н.С.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды  Рахметаллы Ж.М.

Күні

« 29 » 02 2025ж

АНДАТПА

Дипломдық жұмыс Hyundai Trans Kazakhstan зауытының дәнекерлеу цехындағы жинақталған еден модулін тасымалдау процесін оңтайландыру мен қайта ұйымдастыруға арналған. Жоба аясында бірінші және екінші дәнекерлеу желілері арасындағы логистикалық және технологиялық процестер талданып, жаңа техникалық шешімдер енгізілді. Зерттеу барысында жаңа Hyundai Santa Fe моделінің өндіріске енгізілуіне байланысты, жинақталған еден модулінің қозғалыс бағыты өзгертіліп, процесті автоматтандыру қажеттілігі туындады. Осыған орай, электр көтергіш (ENDO MTH-1T-5), жаңадан жобаланған металлоконструкция және жаңартылған бекіту құрылғысы енгізілді.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа посвящена оптимизации и реорганизации процесса транспортировки собранного пола в сборе сварочном цехе завода Hyundai Trans Kazakhstan. В рамках проекта были проанализированы логистические и технологические процессы между первой и второй сварочными линиями, а также внедрены новые технические решения. В связи с запуском в производство новой модели Hyundai Santa Fe возникла необходимость в изменении направления движения модуля пола и автоматизации процесса. В проекте предусмотрены установка электрического подъёмника (ENDO MTH-1T-5), проектирование и монтаж новой металлоконструкции, а также модернизация крепёжного устройства.

ANNOTATION

This thesis focuses on the optimization and reorganization of the transportation process of the assembled floor module in the welding shop of Hyundai Trans Kazakhstan. The project analyzes the logistic and technological processes between the first and second welding lines and introduces new technical solutions. Due to the introduction of the new Hyundai Santa Fe model into production, the direction of floor module movement had to be changed, requiring full process automation. As part of the solution, an electric hoist (ENDO MTH-1T-5) was installed, a new metal structure was designed and mounted, and the fixture device was upgraded.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 ЖАЛПЫ БӨЛІМ	8
1.1 Дәнекерлеу цехының құрылымының сипаттамасы	8
1.2 Жобаланатын нысанның сипаттамасы	9
1.3 Қолданыстағы жүйені талдау және енгізілген өзгерістер	10
2 ТЕХНИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЭЛЕМЕНТТЕР БӨЛІМІ	12
2.1 Модернизация мақсаты және міндеттері	12
2.2 Жаңа технологиялық шешім Электр көтергіш	14
2.3 Металлоконструкция және орнату схемасы	16
2.4 Арнайы артқы еденді бекіту құрылғысын жаңарту және қайта жобалау	20
3 КОНСТРУКТОРЛЫҚ БӨЛІМ	22
3.1 Қондырғының қызметі мен жұмыс істеу принципі	22
4 ЕСЕПТІК БӨЛІМ	23
4.1 Металлоконструкцияға түсетін жүктемені есептеу	24
4.2 Электр көтергіштің қуатын тексеру	24
4.3 Еңбек ресурстарын үнемдеу	25
4.4 Экономиялық тиімділік	26
5 ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІ, ӨНДІРІСТІК САНИТАРИЯ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ	27
5.1 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	27
5.2 Қоршаған ортаны қорғау	28
ҚОРЫТЫНДЫ	31
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	32

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму стратегиясына сәйкес, өндіріс процестерін автоматтандыру мен жаңғырту (модернизациялау) — өнеркәсіп саласындағы басты міндеттердің бірі болып табылады. Ел экономикасының тұрақты өсуі мен халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін, өндірістік кәсіпорындарда еңбек өнімділігін арттырып, заманауи технологияларды енгізу қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстандағы жетекші автокөлік өндірушілерінің бірі болып табылатын Hyundai Trans Kazakhstan зауыты инновациялық жаңалықтарды үнемі ендіріп отырады. Зауытта дәнекерлеу, құрастыру және бояу цехтары секілді негізгі өндірістік бөлімдер жұмыс істейді. Аталған зауыттың басты ерекшелігі — заманауи роботтандырылған жүйелер мен автоматтандырылған желілерді пайдалана отырып, автомобиль өндірісін тиімді ұйымдастыруы.

Бұл дипломдық жоба дәнекерлеу цехының ішіндегі жинақталған еден модулін тасымалдау процесін оңтайландыру мен қайта ұйымдастыру мәселесіне арналған. Атап айтқанда, жоба бірінші дәнекерлеу желісінің соңынан екінші дәнекерлеу желісінің басына дейінгі учаскеде жүзеге асырылған модернизацияны талдауға негізделген. Бұл бағытта негізгі назар өндірістік логистика мен жабдықтардың техникалық жаңартылуына аударылған.

Зерттеу нысаны — Hyundai Trans Kazakhstan зауытының дәнекерлеу цехы. Бұл цехта еден модулі бастапқыда жиналып, кейін екінші желідегі арнайы дәнекерлеу бекетіне жеткізіледі. Осы процесте қолданыстағы жүйе тиімсіз болғандықтан, жаңа өндірістік үлгі — Hyundai Santa Fe моделінің енгізілуімен бірге жүйені толықтай қайта қарау қажеттілігі туындады.

Модернизацияның басты себебі — жаңа көлік үлгісінің өндірістік талаптарына бейімделу. Жаңа шешімге сәйкес:

Еден модулін жинақтау жұмыстары бірінші желіде жүзеге асырылады.

Ал модульдің дәнекерленуі екінші желіге көшірілді.

Бұл өзгерістер жинақталған еденді жылжыту процесін қайта құруды талап етті. Бұрын бұл процесс қолмен орындалатын, әрі жұмысшылардың көп санын қажет ететін. Сондықтан процесті автоматтандыру арқылы:

Жаңа электр көтергіш (ENDO MTH-1T-5) орнатылды,

Тасымалдауға арналған арнайы металлоконструкция жобаланып, монтаждалды,

Жаңа үлгідегі бекіту құрылғысы әзірленді, ол бірден үш еден модулін орналастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, дипломдық жоба тек техникалық тұрғыдан ғана емес, экономикалық тұрғыдан да негізделген, нақты өндірістік қажеттілікке сәйкес әзірленген кешенді шешім болып табылады. Жоба нәтижелері зауыттың өндірістік тиімділігін арттырып, ресурстарды оңтайлы пайдалануға мүмкіндік берді.

1 ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1.1 Дәнекерлеу цехының құрылымының сипаттамалары

Hyundai Trans Kazakhstan зауытының дәнекерлеу цехы – автомобильдердің кузов бөлшектерін автоматтандырылған және жартылай автоматтандырылған әдіспен дәнекерлеу процесі жүзеге асырылатын негізгі өндірістік бөлім. Цех қазіргі заманғы корей және еуропалық өндірістік стандарттарға сай жабдықталған және жоғары дәлдіктегі роботтандырылған жабдықтармен қамтылған. Дәнекерлеу цехының негізгі құрылымдық элементтері мыналардан тұрады:

1. Дәнекерлеу желілері

Цехта жалпы үш негізгі дәнекерлеу желісі бар:

1-ші желі: Шанақтың бөліктерін (жинақталған еден, бүйір элементтер, алдыңғы қалқан) жинақтау және бастапқы дәнекерлеу жұмыстары жүргізіледі.

2-ші желі: Дәнекерленген шанақ бөліктерін Бас кондукторға орнатып, біріктіру, толық дәнекерлеу, қосымша нығайту процестері орындалады.

3-ші желі: Кешенді құрастыру жұмыстары, тазарту және соңғы тексерулер жүргізілетін аймақ.

Әрбір желі өз алдына жеке жұмыс учаскелеріне бөлінген, онда белгілі бір бөлшек немесе бөлікпен жұмыс жүргізіледі. Желілер арасындағы логистикалық байланыс көтергіш құрылғылармен қамтамасыз етіледі.

2. Роботтандырылған жабдықтар

Дәнекерлеу жұмыстары Hyundai Robotics дәнекерлеу роботтары арқылы жүзеге асады. Бұл жабдықтар:

Жоғары дәлдікпен дәнекерлеу,

Тұрақты сапа,

Жоғары өндірістік жылдамдықты қамтамасыз етеді.

Роботтар серво дәнекерлеу пистолеттерімен жабдықталған, олардың ішінде SRTC және SRTX үлгілері қолданылады.

3. Қолмен басқарылатын учаскелер

Күрделі геометриялық бөлшектерге немесе ерекше жағдайларда қолданбалы дәнекерлеу жартылай автоматты әдісімен қолмен орындалады. Бұл аймақтарда да қауіпсіздік және сапа талаптары жоғары деңгейде сақталған.

4. Материалдар мен жинақтау аймағы


Цех ішінде әрбір желіге қажетті бөлшектер мен модульдер алдын ала жинақталады. Бұл логистикалық тиімділікті арттырып, өндіріс үзілістерінің алдын алады.

5. Бақылау және сапаны тексеру аймағы


Әр модуль дәнекерленгеннен кейін арнайы өлшеу құралдары арқылы сапа бақылауынан өтеді. Бұл процеске өлшеу шаблондары, датчиктер және визуалды тексеру құралдары қолданылады.

Цех құрылымы тиімді ұйымдастырылып, өндірістік процестер арасындағы уақытты қысқартуға, еңбек өнімділігін арттыруға және дайын өнім сапасын тұрақты деңгейде ұстауға бағытталған.

SRTC – Дәнекерлеу кезінде жоғары дәлдік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін түзу сызықты қозғалыспен жүреді



SRTX – Дәнекерлеу кезінде жоғары қысу күшін қамтамасыз ететін иінді-иінді модель



1-сурет – SRTC және SRTX серво дәнекерлеу пистолеттері

1.2 Модернизация алдындағы аймақ

Hyundai Trans Kazakhstan зауытының дәнекерлеу цехы – автомобиль шанақтарының бөліктерін жоғары дәлдікпен біріктіретін және автоматтандырылған роботты жүйелермен жабдықталған өндіріс болып табылады. Дегенмен, жаңа модель – Hyundai Santa Fe – өндірісіне көшу барысында кейбір ішкі логистикалық және технологиялық мәселелер анықталды, әсіресе жинақталған еденді тасымалдау мен дәнекерлеу процестері арасында.

Модернизацияға дейін жинақталған еденді бірінші дәнекерлеу желісінің соңында жиналып, сол жерде дәнекерлеу үдерісі де қатар жүргізілетін. Бұл

өндірістік аймақтың бір нүктесінде бірнеше операциялардың шоғырлануына әкелді. Арнайы бекіту қондырғылары мен манипуляторлар жетіспеушілігі жағдайында бұл тәсіл тиімділігін төмендетіп, өндіріс қарқынын шектейтін факторға айналды.

Модернизацияға дейінгі құрылымда:

Еденді жинақтау жұмыстары 1-ші дәнекерлеу желісінің соңында орналасқан алаңда жүргізілді;

Еден жинақталғаннан кейін, дәл сол орында дәнекерлеу операциялары басталды;

Тасымалдау операциясы мүлде болмағандықтан, модульді қозғалтпай, сол жерде жұмыс істеуге тура келді;

Бұл бір кеңістікте бірнеше операцияны қатар жүргізуге мәжбүр етті және өндіріс процесінің ұйымдастырылуына теріс әсер етті.

Қолданылған құрал-жабдықтар мен әдістер:

Тасымалдау құрылғылары болмаған;

Арнайы көтеру механизмдері мен кондуктор орны қарастырылмаған;

Шанақты қарапайым роликті арбалар көмегімен желілер арасында тасымалдау жүргізілген;

Бір жинақталған еденді тасымалдау үшін 3–4 жұмысшы қатар жұмыс істеуге мәжбүр болған.

Мәселелер мен шектеулер:

Ең басты шектеу – өндірістік кеңістіктің тарлығы, бұл қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін және жұмыс тиімділігін төмендететін жағдай туғызды;

Еңбек өнімділігінің төмендеуі: бірнеше операция бір уақытта, бір жерде жүргізілгендіктен, адам ресурстары көп қажет болды;

Қолмен жұмыс көлемі жоғары: ауыр заттарды көтеру мен жылжыту кезінде адам еңбегі артық қолданылды;

Өнім сапасына әсер етуі мүмкін факторлар: тұрақты және дәл орналасу қамтамасыз етілмеген жағдайда, дәнекерлеу сапасы өзгеруі ықтимал болды;

Жаңа Hyundai Santa Fe үлгісіне сәйкес келмеу: бұрынғы бекіткіш құрылғылар мен технологиялық тізбек жаңа модель талаптарына бейімделмеген.

1.3 Қолданыстағы жүйені талдау және енгізілген өзгерістер

Модернизацияға дейін дәнекерлеу цехындағы жинақталған еденді дайындау және дәнекерлеу процестері тек бірінші желіде жүзеге асырылатын. Бұл жүйеде логистикалық ағын минималды болғанымен, жаңа модель — Hyundai Santa Fe – өндірісіне қажетті талаптарға сай келмейтін. Себебі Santa Fe үлгісінің еден модулі күрделі геометриялық құрылымға ие және оның дәнекерлеу нүктелері мен бекітілу аймақтары бұрынғы үлгілермен салыстырғанда өзгеше орналасқан.

Қолданыстағы жүйенің кемшіліктері:

Бірінші желіде ғана жинау мен дәнекерлеу процесінің жүргізілуі өндірістік ағынды шектеді;

Қолмен орындалатын тасымалдау процесі жұмысшыларға физикалық салмақ түсіріп, жарақат алу қаупін арттырды;

Тасымалдау құрылғыларының болмауы себепті уақыт пен еңбек ресурстары тиімсіз пайдаланылды;

Жаңа модельдің геометриясына сай келмейтін ескі жабдықтар мен бекіткіш құрылғылар жұмысқа жарамсыз болды.

Енгізілген техникалық және ұйымдастырушылық өзгерістер:

Жаңа өндірістік талаптарға жауап беру үшін процесті қайта құру жөнінде шешім қабылданды. Енді:

Еден модулі бірінші желіде жинақталады;

Содан кейін арнайы көтеру құрылғысы арқылы екінші желіге тасымалданады;

Екінші желіде Santa Fe үшін жаңартылған басты кондуктор көмегімен дәнекерлеу жүргізіледі.

Бұл өзгерістер аясында енгізілген негізгі элементтер:

Электр көтергіш (МТН-1Т-5) – жинақталған еден модулін тік бағытта көтеріп, көлденең жылжытып, екінші желіге жеткізеді. Бұл құрылғы тасымалдау процесін автоматтандырып, еңбек өнімділігін арттырды.

Металлоконструкция – электроподъемникті ұстап тұратын және оның қозғалысын қамтамасыз ететін тірек құрылымы. Ол С245 маркалы болаттан жасалған, жоғары жүк көтергіштік қасиетке ие.

Жаңа бекіту құрылғысы – бірден үш еден модулін сақтауға және оларды автоматты түрде тасымалдауға мүмкіндік береді.

Технологиялық ағын қайта қаралды – енді екі желі арасында нақты логистикалық байланыс құрылды, бұл өндірістік циклдің үздіксіздігін қамтамасыз етті.

Жұмысшылар саны оңтайландырылды – бұрын бұл аймақта 4 жұмысшы қажет болса, модернизациядан кейін 1 оператор жеткілікті болды.

Тиімділік нәтижелері:

Жұмысшылар саны қысқартылып, жалақы қоры үнемделуде;

Қауіпсіздік деңгейі артты: ауыр заттарды қолмен көтеру алынып тасталды;

Құрылғылар арқылы орындалатын операциялардың арқасында процесс уақыты 30-40%-ға қысқарды;

Еден модулінің орналасуы мен беріктігі жақсарып, дәнекерлеу сапасы тұрақталды.

Жалпы алғанда, енгізілген өзгерістер тек бір ғана учаскеге емес, бүкіл дәнекерлеу цехының логистикалық құрылымына оң әсерін тигізді. Бұл модернизация Hyundai Trans Kazakhstan зауытының өндірістік қуаттылығын арттырып, жаңа модельдерге икемді бейімделуге жол ашты.

2 ТЕХНИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІ БӨЛІМІ

2.1 Модернизация мақсаты және міндеттері

Hyundai Trans Kazakhstan зауыты жаңа Hyundai Santa Fe моделін CKD тәсілімен жинауды іске қосу аясында дәнекерлеу цехында кең көлемді жаңғырту жұмыстарын жүргізді. Осы модернизация барысында цех өндірістік үдеріс бойынша қайта жобаланып, жаңа жабдықтар орнатылды: 4 дәнекерлеу роботы, 111 серво пистолет, автомат конвейер, автомат шатырды өңдегіш және Santa Fe моделі үшін арнайы сваркалық кондуктор (монтаждық ілмек) енгізілді. Бұл шаралар өнімділік пен сапаны арттыруға бағытталған және өндірістің жаңа кезеңіне өту үшін қажетті басты қадам болып табылады.

Модернизацияның негізгі мақсаты – бірінші және екінші дәнекерлеу желілері арасында еден модулін тасымалдау процесін оңтайландыру болып табылады. Бұл мақсат Santa Fe моделінің ерекшеліктеріне байланысты: жинақталған еден бірінші желіде жинақталып, екінші желіде дәнекерлеуге жіберіледі. Сондықтан тасымал үдерісін автоматтандыру үшін жаңа басты кондуктор мен көтергіш орнатылды. Нәтижесінде еденді қолмен көтеру және орналастыру қажеттілігі азайып, цехтың жұмыс кеңістігі тиімдірек пайдаланылады. Өндіріс ағынын үдемелеу кезінде ұзын уақытты қажет ететін процестер мен бос тұру кезеңдерін жою көзделеді. Оптималды өндіріс желісі оператордың қозғалысын қысқарту және өндіріс алаңын айтарлықтай азайтуға негізделеді. Нақты айтқанда, автоматтандырылған жүйелер мен кондуктордың енгізілуі жұмысшыларды ауыр көтеру мен қайталама қозғалыстан босатып, оларды қысқа әрі үдемелі қозғалыспен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл шаралар өндіріс ағынын үздіксіз етіп, жұмысшылардың күшті құйылуы мен жарақат қаупін азайтуға ықпал етеді.

Қосымша мақсаттар

Өнімділікті арттыру. Заманауи автоматтандыру техникасын енгізу өндіріс өнімділігін еселеп арттыруға көмектеседі. Мысалы, орнатылған жаңа жабдықтар нәтижесінде зауыт сағатына 6 шамақ шығаруға дайын, бұл өнімділікті едәуір жақсарту екенін көрсетеді.

Жұмыс қауіпсіздігі мен эргономиканы жақсарту. Жаңа жабдықтар мен өнімділік құралдары цехтың еңбек жағдайын жақсартады. Өндіріс желісінде кабельдер мен ілмектердің жинақталмауы, ауаны желдету мен қоршаған ортаға ұтымды әсер ету факторлары сапа стандартына сай қамтамасыз етіледі. Нәтижесінде жұмысшылардың шаршауы мен жарақат алу қаупі едәуір төмендейді.

Құрал-жабдықтың тозуын төмендету. Автоматты жүйелер жүктемені біркелкі тарату арқылы кейбір жабдықтар мен механизмдердің тозуын бәсеңдетеді. Механикалық қимылдар нақты бағдарланғандықтан абайсыздық салдары азаяды, бұл техникалық қызмет көрсету жиілігін төмендетеді және өнімнің үздіксіз сапасын қамтамасыз етеді.

Логистиканы оңайлату. Жаңа конвейерлер мен автоматтандырылған транспорттық жүйелер материалдардың қозғалысын жылдамдатады және цех ішіндегі логистикалық ағындарды оңтайландырады. Қажетті бөлшектер мен компоненттер жинақтау желісіне қажетті уақытта жеткізіліп, өңдеу процесі дер кезінде жүреді. Бұл тасымалдау үдерісіндегі жазатайым оқиғалар мен үзілістерді азайтуға мүмкіндік береді.

Өндіріс ағынын жобалау және модельдеу. Цехтың тұтастай орналасуын қайта қарастырып, бірінші және екінші желілер арасындағы шекараны анықтау; такт уақыты мен қуатты есептеу арқылы еден модулін тасымалдаудың ең тиімді сызбасын әзірлеу. Бұл кезеңде жабдықтар арасындағы арақашықтық пен қозғалыс бағытын минимизациялау арқылы жұмыс кеңістігін ықшамдау және қозғалыссыз операцияларды азайту көзделеді.

Жаңа жабдықтарды орнату және іске қосу. Дәнекерлеу цехына 4 жаңа сварка роботы, 111 серво пистолет және Santa Fe моделіне бейімделген негізгі кондуктор орнатылады. Сонымен қатар бірінші және екінші желілерді байланыстыратын автомат конвейер және шатырды өңдейтін роликтік жүйе енгізіледі. Бұл қондырғылар жинақталған еденді бір желіден екіншісіне үзіліссіз жеткізіп, цехтың жалпы сағатты өткізуін арттыруға мүмкіндік береді.

Жұмысшыларды дайындау және оқыту. Қызметкерлер жаңа жүйелермен жұмыс істеу үшін қайта даярланады. Роботтардың және автоматты кондукторлардың басқару пульттерін меңгерту, техникалық қауіпсіздік пен авариялық тоқтату әдістерін түсіндіру арқылы жұмысшылардың біліктілігі артады. Бұл қадам жұмыстардың үздіксіздігін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жұмыс ортасын жақсарту. Өндіріс алаңындағы эргономикалық жағдайларды оңтайландыру – маңызды міндеттер қатарында. Жұмыс орындарын реттеу, жанғыш қоспалардан қорғау және қажетті өлшеу құралдарын орнату арқылы жұмысшылардың физикалық және психологиялық шаршауын азайту қарастырылады. Бұл мақсатта цехқа тиімді желдеткіштерді, жарықдиодты жарықтандыру мен жұмыс платформаларын енгізу ұйымдастырылады.

Жүргізілген модернизация нәтижесінде дәнекерлеу цехының жұмысы едәуір жетілдірілді: өндіріс қуаты артты, жұмысшылар ауыр жұмыстардан босап, қауіпсіздік деңгейі жоғарылады. Алғашқы және екінші желілер арасындағы жинақталған еденді тасымалдау процестерінің оңтайландырылуы өндіріс ағынын үздіксіз етіп, жұмыс кеңістігін тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Сонымен қатар автоматтандырылған жүйелер құрал-жабдықтың тозуын азайтып, логистикалық үдерістерді жеңілдетті. Нәтижесінде Hyundai Trans Kazakhstan зауыты жаңа Santa Fe моделін іске қосумен қатар, ілеспе шығындарды азайта отырып, өндіріс тиімділігін арттыруға қол жеткізді.

2.2 Жаңа технологиялық шешім – Электр көтергіш (МТН-1Т-5)

Ең негізгі техникалық шешім — электр көтергіш механизмді (МТН-1Т-5) орнату болды. Бұл құрылғы металл конструкцияға бекітіліп, бірінші желінің соңынан екінші желінің басына дейін еден модулін көтеріп-түсіріп жеткізуге мүмкіндік береді.

ENDO МТН-1Т-5 электр көтергішінің техникалық сипаттамалары

Жүк көтергіштік қабілеті

ENDO МТН-1Т-5 моделі 1 тоннаға дейінгі жүкті көтеріп тасымалдауға арналған ауа моторлы тележка болып табылады. Ол рельс бойымен ілулі жүкті көлденең бағытта жылжытуға икемделген. Жүк көтеру қабілеті – 1000 кг (1 тонна), құрылғы дене массасы шамамен 35 кг-ды құрайды.

Қуаты: (мотор сипаттамасы, тұтынылатын кернеу және т.б.).

Қозғалтқыш: компрессордағы сығылған ауа энергиясымен жұмыс істейтін ауа моторы (электр қозғалтқышын қолданбайды).

Жұмыс қысымы: 0.4–0.6 МПа (4–6 кгс/см²).

Ауа тұтынылуы: 0.55–0.65 м³/мин.

Пульт ұзындығы: стандартты 2.4 м, қосымша созу арқылы (максималды 8 м) жеткізуге болады.

Көтеру жылдамдығы мен биіктігі

Жүріс жылдамдығы: 0.4 МПа қысымда ~20 м/мин, 0.5 МПа қысымда ~25 м/мин, ал 0.6 МПа қысымда ~28 м/мин.

Көтеру биіктігі: МТН-1Т-5 тележкасы өз алдына тік көтеруді қамтамасыз етпейді. Тік көтеру үшін Endo ENL сериялы ағымдағы көтергіштермен жұптап қолданылуы қажет (мысалы, ENL-025TS торап).

Қауіпсіздік жүйелері мен басқару типі

Басқару: қолмен пернелі пульт арқылы (2 немесе 4 бағытты) жүргізіледі; мысалға PCS-41 төрт бағытты пернесі қолданылады.

Төтенше тоқтату: қажеттілікке қарай пультке төтенше тоқтату түймесін (BV) қосу мүмкіндігі бар.

Ортаның қауіпсіздігі: электр қозғағышы болмағандықтан құрылғы химиялық зауыттар, қауіпті өндірістер сияқты өртену қаупі жоғары жерлерде қауіпсіз пайдаланылады.

Техникалық талаптар: ауа желісіне сүзгі және майлағыш қондырғыларын орнату міндетті (жұмыс кезінде қондырғыны үнемі таза ауа мен маймен қамтамасыз ету қажет).

Химия және қауіпті өндірістер: ауа моторлы тележкалардың сөндіргішсіз энергия көзі оларды химия зауыттары мен қауіпті материалдарды өңдейтін орындарда қолдануға лайықтайды.

Автоөнеркәсіп және өндірістік желілер: олар Hyundai Trans Kazakhstan сияқты автомобиль құрастыру зауыттарында еден модульдерін тасымалдау процестерін автоматтандыруда, сондай-ақ ілулі жүкті тасымалдау қажет жалпы өндірістік цехтарда тиімді қолданылады.

Монтаждау және пайдалану шарттары.

Температуралық режим: құрылғы ішкі цех жағдайында -10°C -тен $+50^{\circ}\text{C}$ -қа дейін температурада жұмыс істейді.

Пневматика желісі: ауа беру жүйесіне сүзгі және майлағыш қою талап етіледі.

Балка талаптары: 1 т модел үшін ұсынылатын I-балка ені 75 мм, қисық жүру кезінде ең кіші радиус кемінде 3500 мм болуы тиіс. Қондыру барысында тележка рельске бекітіліп, сығылған ауа желісіне қосылуы қажет.

Пульт өлшемі: бақылау кабелінің ұзындығы стандарт бойынша 2.4 м, ұзартып 8 м-ге дейін ұлғайтуға болады.

Габариттері мен массасы

ENDO MTH-1T-5 моделі салыстырмалы түрде жеңіл әрі ықшам болып келеді. Оның салмағы шамамен 35 кг. Бұл құрылғы жұмысшылардың физикалық жүктемесін азайтып, қауіпсіздік деңгейін арттырады.



2-сурет – Электр көтергіш МТН-1Т-5

2.3 Metallokonstruktsiya және орнату схемасы

Металлоконструкция туралы жалпы мәлімет: Hyundai Trans Kazakhstan зауытының дәнекерлеу цехында Santa Fe моделінің өндірісіне көшуіне байланысты, бірінші және екінші дәнекерлеу желілері арасында еден модулін тасымалдау үшін арнайы көтеру және тасымалдау жүйесі жобаланды. Бұл жүйе МТН-1Т-5 маркалы электр көтергіш (тельфер) негізінде жүзеге асырылады және оның қозғалыс жолы бойынша арнайы металлоконструкция (балка, тіреуіш бағаналар, арқа құрылымдары) орнатылды.

Металлоконструкция негізгі үш бөліктен тұрады:

Горизонталь бағыттаушы балка (ферма түріндегі) – электр көтергіш қозғалыс жасайтын жол.

Вертикаль тіреуіштер (колонналар) – конструкцияны жерге бекітетін және негізгі жүктемені көтеретін тіректер.

Қаттылық элементтері мен бекіту болттары – бүкіл құрылымның тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Сызбада барлық өлшемдер нақты көрсетілген: балканың ұзындығы, тіреулердің арақашықтығы, еденнен көтеру биіктігі, сондай-ақ металл қалыңдығы мен болтты бекітулердің орындары.

Материал таңдау.

Металлоконструкцияны жасау үшін конструкциялық болаттың келесі маркасы қолданылды:

Болат маркасы: С345 (бұрынғы ГОСТ 27772 бойынша Ст3)

Созылу кернеуі: 345 МПа

Тығыздығы: $\rho = 7850 \text{ кг/м}^3$

Эластикалық модуль (E): $E = 2,1 \times 10^5 \text{ МПа}$

Жүктеме түрлері мен есептік параметрлер

Электр көтергіш жүйе 1000 кг дейінгі жүктемені (еден модулі) көтеруге арналған. Қауіпсіздік коэффициентін есепке ала отырып, жобалық жүктеме:

Жалпы жүктеме:

$$Q_{\text{жалпы}} = 1,5 \times 1000 \text{ кг} = 1500 \text{ кг} \times 9,81 \frac{\text{м}}{\text{с}^2} = 14\,715 \text{ Н}$$

$Q_{\text{жалпы}}$ — жалпы жүктеме (Ньютон),

1,5 — жүктемені есептейтін коэффициент (қауіпсіздік ескеріліп),

1000 кг — жүктің массасы,

9,81 мс — еркін түсу үдеуі,

14 715 Н — нәтижелік күш (Ньютонмен).

Өз салмағы: Құрылымның өз салмағы да есепке алынады. Орташа алғанда балкалар мен тіреулер 300 кг дейін құрайды → 2943 Н

Барлығы:

$$F_{\text{толық}} \approx Q_{\text{жалпы}} + G_{\text{металл}} = 14,715 \text{ Н} + 2,943 \text{ Н} = 17,658 \text{ Н}$$

$F_{\text{толық}}$ — толық түсетін күш (Н),

$Q_{\text{жалпы}}$ — жүктің ауырлық күші (жұмысшы жүктеме),

$G_{\text{металл}}$ — металлоконструкция салмағының күшке әсері.

Балкаға түсетін иілу моментін есептеу

Балка ұзындығы – $L = 4$ м, жүктеме ортасына түседі (тең салмақтан).

Иілу моменті:

$$M = \frac{F \cdot L}{4} = \frac{17,658 \cdot 4}{4} = 17,658 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

Қиманың қарсыласу моментін табу үшін балка ретінде двутавр 20Б1 таңдалады:

$$W_x = 117 \text{ см}^3 = 1,17 \times 10^{-5} \text{ м}^3$$

Рұқсат етілген кернеу:

$$\sigma = \frac{M}{W_x} = \frac{17,658}{1,17 \times 10^{-5}} \approx 1,51 \times 10^6 \text{ Па} = 151 \text{ МПа}$$

Бұл мән болат С345 үшін рұқсат етілген кернеуден төмен (345 МПа), яғни конструкция талапқа сай.

Тіреуіш бағаналарды тексеру

Әр тіреуіш бағана шамамен 8,829 Н жүктеме көтереді. Бойлық майысу бойынша тексеру.

Эйлер формуласы:

$$P_{\text{кр}} = \frac{\pi^2 EI}{(KL)^2},$$

Мұндағы:

$E = 2,1 \times 10^{11} \text{ Па}$ серпімділік модулі

$I = 4,5 \times 10^{-6} \text{ м}^4$ инерция моменті

K – тұрақтылық коэффициенті ($K=1$ —егер тіреуіш екі ұшынан бекітілсе)

L – тіреуіш биіктігі, шамамен 2.5 м
Есептейміз:

$$P_{кр} = \frac{3.14^2 \cdot 2.1 \times 10^{11} \cdot 4.5 \times 10^{-6}}{(2.5)^2} \approx 149,000 \text{ Н}$$

$P_{кр} \gg P_{жүктеме}$, яғни бағаналар майыспайды.

Металлоконструкцияның тізімі мен сынамасы келесі кестелерде көрсетілген.

Кесте 1 – Металл сынамасы

Металл сынамасы		
Профиль	Масса, кг	Болат маркасы
20К2	9152	C245
20Б1	2487,3	C245
16Б1	68,6	C245
100*5	32	C245
12	40	C245
8	40	C245
-20	1104,8	C245
-14	480	C245
-12	345,6	C245
-10	446,7	C245
-6	3,2	C245
Св.	85,2	C245
Жалпы (кг)	14285,4	

Кесте 2 – Metalлоконструкция заттарының тізімі

Metalлоконструкциясының заттарының тізімі					
Марка	Атауы	Саны	Салмағы, кг		Ескертпе
			деталь	барлығы	
A1		4	344	1376	
A2		2	365,3	730,6	
A3		2	341,9	683,8	
A4		2	325,6	651,2	
A5		2	325,6	651,2	
A6		1	228	228	
A7		2	243,2	486,4	
A8		1	228	228	
A9		2	287,4	574,8	
A10		2	337,3	674,6	
A11		1	394,3	394,3	
A12		1	402,4	402,4	
A13		1	220,4	220,4	
A14		2	175	350	
A15		3	237,5	712,5	
